

Тақырыбы:

«Білімнің бастауы балабақшада!»

Дайындаған: Ерғазиева Алия

2023-2024жж

«1 қыркүйек – Білім күні»

Максаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Атырау қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Әлия» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріннің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бак қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Кәусар: Жымыңдап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Амир: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Әмір: Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Қасиет: Білім — менің ертеңім

Өсу үшін өркенім
Жүзем оқу — айдында
Жайып білім желкенін
Бейбарыс: Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!
Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,
Кеудем толы дірілге,
Құлақ түйем елеңдеп,
«Бақша» деген бір үнге.
Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
Кітап- білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.
Ақыл азбайды,
Білім тозбайды.
Оқы да біл,
Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын:Ғажайып қоржын

Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей

жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы катысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын! Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

Білім күні құтты болсын!



Тақырыбы:

«Білімнің бастауы балабақшада!»

Дайындаған: Ерғазиева Алия

2023-2024жж

«1 қыркүйек – Білім күні»

Максаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туган елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташы, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтыңдаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Атырау қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

Балалар: «Әлия» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздерінің Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын білесіңдер. Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен оқу қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалақ).

Кәусар: Жымындап күз келді,

Күліңіз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Амир: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Әмір: Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Тереңдігі білімнің

Керек екен бәріне!

Қасиет: Білім — менің ертеңім

Осу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Бейбарыс: Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Қыркүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елеңдеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын:Ғажайып қоржын

Мақсаты:ғажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар,оқу

құралдары бар.Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі

бөлек,ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.(балалар оқу құралдары мен

ойыншықтарды ажыратып,бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам

Оқу оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас камалы

Ғалымдық та асқаралы

Бар білімнің нұр бастауы —

Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оқу қызметіміз,

қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды. Әрқашан бүгінгідей

жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп рахмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күні болсын! Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оқу қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

Білім күнін құтты болсын!



Бізге 9 жыл!

Мерекелік іс-шара

Жауапты: Ш.Тлеумбетова

2023 оқу жылы

«Бізге 9 жыл»

(«Детство» күйі қойылады. Зал безендірілген.)

Жүргізуші: Қайырлы күн, қадірлі ұжымдастар, балалар! Бүгін біздің балабақшада үлкен мереке! **9** жылдық мерей той! Бүгінгі мерей тойымыз құтты болсын!

Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз етудегі балабақшалардың ұстанымы бір, мақсаты ортақ, бала тәрбиесіндегі ерен еңбегі мол деп білеміз. Білімді, дені сау, елдің ертеңі, болашағы, Отан қорғар азаматы-бүгінгі бүлдіршініміз деп айтар болсақ, өз ұлтымыздың құндылықтарын алға қарай алып барушы, халықтың тілі, салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті сияқты ерекшеліктерімізді жалғастыратын да-бүгінгі бүлдіршіндеріміз. «Бала-бауыр етің», дейді дана халқымыз. Шыр етіп дүниеге сәби келсе, шаңырағы шаттыққа толып, «өлгені тіріліп, өшкені жаңғандай» мәре-сәре күй кешеді. Ұрпағын ойламаған ұлттың келешегі жоқ. Бүгінгі басты мәселесі-ұрпақ тәрбиесі. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деген Мұхтар Әуезовтың даналық сөзі, бүгінгі қоғамның да басты ұранына айналды. Бала тәрбиесіне отбасы ғана емес, балабақша, мектеп, мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлінуде. «Балапан» бағдарламасы аясында 2014 жылы 20 қазанда Қазалы ауданынында «Ханшайым» жеке балабақшасы ашылған еді. Алғашқы болып 50 бала балабақша табылдырығын аттады.

Сәулесі әлем төрінен,

Сәбидің пәк үнімен.

Сыр сезім тасып төгілген,

Шұғылалы шалқар көңілден.

Балауса балғын балаға

Тәлім тәрбие қасиетін

Тал бесіктен бере білген,- дей отырып құттықтау сөз кезегі балабақшамыздың меңгерушісі **Шынар Қуанышқызына** беріледі.

Жүргізуші: Ән: «Балабақшам арайлым» орындайтын **Дана, Айлана**

Жүргізуші:Талай-талай түлектерді түлеткен

Балалардың бақытына бөленген

Жас ұрпақтың саналы болып өсуі

Балабақша еңбегінен көрінген- дей келе сахнаға
«Жауқазын» тобының тәрбиеленушілерін **«Батырлар»**
биімен ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Бүгін туған күніміз

Қолда шоқ-шоқ гүліміз

Көңіліміз көркейіп

Көп ән – би жырымыз- дей келе қыздар тобының биін
құрметпен қарсы алыңыздар.

Жүргізуші: Сәбилердің күлкісімен таң атар

Балабақша қуанышпен қарсы алар

Кешке дейін күліп ойнап думанмен

Қимай сені үйлеріне тарасар

«Басты міндетіміз –білімді ұрпақ тәрбиелеу» олай болса
балапандарымыздың тақпақтарын тамашалайық.

Жүргізуші: «Адамның бір қызығы бала деген» деп дана
халқымыз тегін айтпаған.

Тоғыз жыл толыпты міне бүгін

Жаста болса шыңға шығар бір белес


Өзіңнен тірбие алған бүлдіршіндер

Өркениетті еліңе қосар үлес- дей келе
балапандарымыздың «Қағаз» оркестірін қошеметпен қарсы
алайық

Жүргізуші: Артта қалды тоғыз жылымыз, алда күтеді
жақсылықпен, жеңісіміз балаларымыз аман болсын!
Жемістерімізді биіктен көрейік. Сіздердің назарларыңызға
«Балабақша әні» хор орындайтын балабақша бүлдіршіндері.

Жүргізуші: Құрметті ұжымдастар, балапандар. «Ханшайым»
жеке балбақшасының тоғыз жылдық мерей тойы тағыда
құтты болсын. Біз сіздермен қоштаспаймыз, келесі
кездескенше күн нұрлы болсын

Бізге 9жыл



Жауапты:
Ш.Тлеумбетова

«Ханшайым» балабақшасы

Тақырыбы:
«Қыран елім Қазақстан»

Тәрбиеші: Сабыр Балқаш

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы:Қыран елім Қазақстан

Тәрбиеші: Сабыр Балқаш

Күні: 24.10.2023

Мақсаты: Балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Ол неге аталып өтіледі? Оның қандай рәміздері бар? Ол бізге неге ыстық? Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімін ояту, «Отан» туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге үйрету.

Тәрбиелік іс-әрекеттің көрнекілігі: Қазақстан картасы, суреттер, слайдтар,

Биыл алғаш рет 25-қазан ұлттық мереке республика күні деп аталады. Ендеше балалар бүгінгі ашық тәрбие сағатымызды бастайық.

1. Хор әнұран

2. Балалардың ой өрісін дамыту

Сұрақ-Жауап

Балалар отан деген не?

Адамдардың туып өскен жері, туған туыстар, біз тұратын атамекен.

Балалар, біздің отанымыз қалай аталады?

Балалар, еліміздің басты қаласы қалай аталады?

Нұрсұлтан

Біздің президентіміз кім?

Қасым-Жомарт Тоқаев

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

(Ту, әнұран, Елтаңба, теңге)

3) Тақпақ айту

4) Балаларға тапсырма ту, жалау

5) Би флешмоб

Балалар осымен Республика күніне арналған

Қыран елім Қазақстан атты ашық сабағымыз аяқталды.

«Қыран елім Қазақстан»



Тақырыбы:

Алтын күз!

2023-2024ж

Жүргізуші: Армысыздар, аса құрметті ата-аналар!

Армысыздар қадірменді қонақтар!

Сәлеметсіздер ме қымбатты балабақша ұжымы!

Міне, туған өлкемізге алуан түсті жапырақтарын төгіп, толқып, би билеп, ел байлығын арттырып, берекелі күз мезгілі де келіп жетіп, бізбен бірге екі ай бойы қонақта болып келеді. Ендеше соның дәлелі біздің «Ханшайым» жеке балабақшамыздың ересектер «Жауқазын» тобының бүлдіршіндері дайындаған

-өлең жыр шумақты

-сазды, әуенді

-көңілді би кимылмен

-ертегі көріністерімен

-әсем сән үлгісімен

-сондай-ақ, табиғи колөнерлерімен аса қызу дайындықпен дайындаған

«Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келіңіздер!

Жүргізуші: Алтын күз мерекесі құтты болсын!

Жомарт күздің берер сыйы көп болсын!

ертеңгілігіміздің алғашқы ашылу салтанатын балабақшамыздың басшысы Баянова Алмагүл Ерболатқызына сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Күз ұсынып егісі мен жемісін,

Әкеледі халыққа бар молшылық

Сары жапырақ алтындай боп төгілсін,

Мерекені біз бастайық сол үшін.- дей отырып, ертеңгілігіміздің ең алғашқы бөлімі – таныстырумен бастаймыз. Ендеше ортаға тобымыздың бүлдіршіні Шұғыланы таныстыруымен ортаға шақырамыз.

Таныстыру: Шұғыла.

Жүргізуші: «Бұлақтың әні – сылдыры,

Баланың әні - былдыры» -демекші мерекелік ертеңгілігімізді ән мен жалғастырайық. Қол слғып, қошеметтеп сахнаға әнші қызымыз Гүлсезім мен бишілеріміз Санжар мен Амираны қарсы аламыз.

Ән: «Күзгі вальс»

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Не деген өнерлі балалар! Өркендерің өссін! Балалар мен сендермен жұмбақтап өлең жолдарымен қазір жылдың қай мезгілі екенін және қандай табиғат құбылыстары туралы білетіндеріңді байқағым келіп тұр.

Ортаға Мұхаммед, Фариза, Алмат шақырамыз. Құлақ салып тыңдаңыздар.

1. Астық пісіп, орақ түсіп,

Қырмен дәнге тоады

Бәбектерім айтыңдаршы ?

Бұл қай кезде болады?

Мұхаммед:

Қарашы күз келді, күз келді.

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс біткен керуен түзеді

Қара бұлт қабағын түйеді

2. Жапырақтар сарғайып,

Күн бұлтты болады.

Күз мезгілі айында,

Табиғатта қандай өзгеріс болады?

Фариза:

Дождь по улице идет

Мокрая дорога

Много капель на стекле

А тепла немного

Как осенние грибы

Зонтики мы носим

Потому что на дворе

Наступила осень!

3. Дала сары киінді,

Жапырақтар төгілді,

Самал соқты салқынау

Бұл қай кезде болады?

Алмат:

Жүргізуші: Өте тамаша, жарайсыңдар! Үш тілде жауап беріп, жақсы меңгерген екенсіңдер. Ендеше, бізге мол өнімін, жеміс-жидегін, алтын астығын сыйға тартқан бүгінгі ертеңгілігіміздің арнайы қонағы «Алтын күз» ханшайымын қарсы алайық. (Осы кезде қу түлкі қаркылдап күліп, жүгіріп келеді)

Түлкі: -Ха-ха –ха. –Сәлеметсіздерме балалар, қонақтар! Мен жаңа жолда әдемі сары көйлегі бар, себет толы жеміс-жидектері бар Ханшайымды көріп, оны өтірік алдап, жемістерін алып кеттім. -Ха-ха-ха!

Жүргізуші: -Ой, балалар, бұл қу түлкі емеспе, ол дұрыс жасады ма, қалай ойлайсыңдар?

Балалар: -Иә, бұл қу түлкі ғой.

Жүргізуші: Түлкішек –ау түлкішек, Өзін қайдан келесің. Сен өзін сондай әдемісің

Құйрығың бұлаң-бұлаң етіп, бейнеңде Алтын күзден аумады екенсің. Сен өте сұлусыңғой. Саған өтірік айтқан жараспайды.

Түлкі: Солай ма балалар, мен әдемімін бе?

Балалар: Иә.

Жүргізуші: Түлкішек-ау түлкішек. Келіп қалған екенсің, бүгін біздің балалар Алтын күз мерекесін тойлағалы жатыр, сенде бізбен бірге көңіліңді көтер, бірақта бізге өтірік айтатын қу түлкі емес ақылды түлкі керек, өйткені біздің балалар өте ақылды, өнерлі, тіл алғыш балалар.

Түлкі: Жарайды, балалар, мен сендерден қатты ұялып тұрмын, мен енді ешкімге өтірік айтпаймын, ақылды түлкі боламын. Сендермен бірге ойын ойнап көңіл көтерсем бола ма?

Балалар: Иә.

Жүргізуші: Мәне жарайсың, енді дұрыс болды, кел бізбен бірге мерекені тойлауға ат салыс.

Түлкі: Алақай, балалар сендер Алтын күз ханшайымын көргілерің келе ме?

Олай болса менің сендерге бірнеше тапсырмаларым бар. Мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешімін тауып көреміз бе?

Күзде нелер пісіп жетіледі?

Өзі қызыл, өзі тәтті

Татқан жанды таңырқатты.

Бұл не?

Алма.Яблока, apple

Бойын жерге жасырған,

Бұрымы бар жасылдан.

Бұл не?

Сәбіз, Марков, сағат.

Түлкі: Жарайсыңдар, қандай тапқыр балалар екенсіңдер. Жемістер мен көкөністер туралы жақсы біледі екенсіңдер.

1. Жүргізуші: Түлкішек біздің балалар сен ойлағандай емес, өте алғыр, ақылды балалар. Тек білімді ғана емес, өнерлі балалар.

Шалқып тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Алтын күзбен құттықтап

Би билейміз бәріміз – деп келесі кезекті «Алтын сақа» бүлдіршіндері дайындаған «Күзгі вальс» биімен қарсы алыңыздар! Қол соғып қошеметтеп отырайық құрметті қонақтар!

Би: «Күзгі вальс»

Жүргізуші: Келші, келші, Алтын күз!

Келші, келші, Жарқын күз!

Мерекені жалғастырып,

Ойнап күлші Алтын күз!

(сахнаға себет толы жемістері бар Алтын күз ханшайымы келеді)

Жүргізуші: Сәлеметсізбе, Алтын күз! Өзіңізбен бірге береке, байлық, молшылық, тоқшылық ала келдіңіз. Біз саған өте ризамыз.

Алтын күз: Армысыздар, бармысыздар!

Күзгі тойға келген қонақтар!

Өздеріңе әкелдім

Күздің сыйын көз тартар!

Жүргізуші: Алтын күз, мына себет толы жемісті сыйыңызды балаларға, қонақтарға таратып бересіз бе?

Алтын күз: Жо-жоқ. Бұл сыйды балалар өнер көрсетіп, қонақтар еңбек етіп, тер төгіп жеңіп алуы керек. Өйткені күздің сыйы жемістер мен көкөністер тек адамның еңбегімен ғана келген. Сондықтан менің сыйымды оңайлықпен ала алмайсыңдар. Менің мына келген қонақтарға өзімнің ала келген ойындарым бар. Балалар сендер білесіңдер ме Алтын күзде табиғатта қандай өзгерістер болады.

Балалардың жауабы.

Алтын күз: Дұрыс айтыңдар. Күзде жаңбыр жиі жауады, ендеше сол жаңбыр тамшыларымен ойын ойнағыларың келеме.

Ойын: «Жаңбыр тамшылары»

(Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты байланыстыратын ойын.)

Алтын күз:Ендеше ойынның шартымен таныс болыңыздар. Ортаға 5 баламен оның аналарын шақырамын. Бір қолымызға қол шатыр ұстап, шелектегі жаңбыр суын қасықпен стаканға толтырасыз. (Ойын ойналып, жеңіске жеткен ана мен баласы марапатталды.)

Жүргізуші:Алтын күз, сені асыға күтіп, біздің балалар өзіңе арнап дайындаған өнерлерін тамашалауға қалай қарайсың?

Алтын күз: Әрине.

Жүргізуші: Қарасаңыз біздерге

Көркем сөзді меңгердік

Алдымызға жан салмай

Үш тілде біз сөйледік – деп біздің балаларымыздың үш тілде Алтын күзге арнаған такпақтары бар.Ендеше ортаға «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерін үш тілдегі такпақтарымен қарсы алыңыздар! Нұрай, АШұғыла, Айдын,Ерасыл.

Нұрай:

Наступила осень

Пожелтел наш сад

Листья на березе

Золотом горять.

Не слышать веселых

Песень соловья

Улетели птицы

В дальние края.

Айдын:

Сприн из грин

Саммэ из брайт Оутм из еллоу

Уинтэ из уайт

Шұғыла.

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз

Дәнге толы ең далам

Дариядай шалқып жур.

Мейірлі күз, мырза күз

Сыйлығыңа ризамыз

Аппак арай таңында

Шомыламыз нұрға біз

Күнді көрсе толғанар

Бұлтты көрсе шамданар

Қысты қазір жолатпа

Тола түссін қамбалар

Көк аспаның мөлдіреп

Алтын күздің елжіреп

Асыр салып жүре бер

Сары көйлегің елжіреп.

Ерасыл:

Алтын-сары, қызыл-көк

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күімдеп

Көз тартады атырап.

Алтын күз:Өте тамаша, өркендерің өсің.

Жүргізуші: Өнеріміз өрде тұрса байқарсыз,

Таңданыстан басыңызды шайқарсыз

Өртіс боп ертегіден көрініс қойсақ,

Өмір бойы мақтанышпен айтарсыз – дей келе бідің балалардың «мақта қыз бен мысық» ертегісіне дайындаған шағын музыкалық көрінісін тамашалаңыздар.

Музыкалық көрініс: «Мақта қыз бен мысық»

Жүргізуші:Өнерлерің әрі қарай шыңдала берсін! Жарайсыңдар!

Бас қостық бәріміз

Біздер елдің сәніміз

Шаттық, бақыт, қуаныш

Елімізге сыйлаймыз

Мың бұралып билейміз

Думандатып, мерекені

Әрі қарай тойлаймыз. – деп, өздерінің көтеріңкі көңіл күйлерімен, әдемі көңілді билерімен ортаға «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерін «Қуыршақтар» биімен қарсы алыңыздар! Ду қол шапалақ, қайда?

Би: «Қуыршақтар»

Жүргізуші: Не деген әдемі қуыршақтар! Жарайсыңдар!

Мерекелік ертеңгілігіміздің келесі бөлімі – «Гуси» атты шағын орыс тіліндегі көрнісін тамашалаңыздар. Ортаға орыс қыздарымыз бен балапан қыздарымызды шақырамыз. Қол соғып қошеметтеп отырыңыздар!

Көрініс орыс тілінде: «Гуси»

Орындаушылар «Алтын сақа» тобы бүлдіршіндері.

Жүргізуші: Керемет! Жарайсыңдар! Нағыз әртіс екен өздері! Ертеңгілігімізді әрі қарай жалғастырамыз. Келесі бізде «Күз сыйы» кезеңі. Бүлдіршіндеріміздің өздері ата-анасымен бірігіп табиғи бұйымдардан және дәмді астық тағамдардан, жемістер мен көкөністерден дайындаған Алтын күз бейнесі қолөнерлерінің көрмесі. Балабақшамыздың басшылары өзара бағалап, бағасын мерекеміздің соңғы бөлімінде марапаттап беретін болады.

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің табиғи бұйымдардан жасаған көрмесі өте керемет екен. Ата аналарға мың алғыс білдіреміз.

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен,

Әрбір бөбек әсем болар өз сәнімен.

Күз сәні өнерімен ортаға шығып,

Сән көрсетер сайыскерлер сәнімен.- деп келесі кезекті «Сән үлгісімен» топ бүлдіршіндерін ортаға шақырамыз.

Сән үлгісі: «Алтын сақа» тобы

Жүргізуші: Қандай әдемі дайындықпен келген. Неткен әдемі сұлу қыздар! Табиғи нағыз қолдан ерінбей жасаған әдемі сәнді көйлектер! Жарайсыңдар! Өте әдемі!

Балалар біздің ақ көңіл

Елгезек бала тіл алғыш

Осындай бала өсірген,

Аналарға мың алғыс!

Мың бұралып билеген

Ән айтуды кім сүймеген

Күміс көмей, жезтаңдай

Нұрай біздің әнші қыз,- деп ортаға «Балалдық шақ» әнімен «Алтын сақа» тобының әнші қызы Орысбай Нұрайды сахна ортасына шақырамыз.

Ән: «Балалық шақ»

Орындайтын: Орынбай Нұрия

Алтын күз: Балаларым, балғыным,
Өздеріңді қимаймын
Дәм татыңдар мінеки,
Күзгі жеміс-жидектен

Өздеріңе сыйлаймын.- деп мен сендермене қоштасамын. Өте өнерлі,
білімді, талантты балалар екенсіңдер. Мен сендерге ризамын. Қош сау болыңыздар!

(Алтын күз себет толы жемістерін балаларға таратып береді)

1.Жүргізуші:Құрметті қонақтар! Ата-аналар! Бүгінгі біздің «Арайлы - Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, келер күзіміз де берекелі, молшылық, астықты болсын деп тілейміз. Бүгінгі мерекені қорытындылай отырып, «Күз сый» көрмесімен қолөнер дайындап әкелген ата-аналарымызға марапаттау үшін сөз кезегін балабақшамыздың басшысына береміз.

2.Жүргізуші: Берекелі бак дәулет,
Арға түссін тойланып,
Сау болыңдар қонақтар!
Келгенше күз айналып,
Қош сау болыңыздар!

Алтын куз!



Алтын күз!



Тақырыбы:

Алтын күз!

2023-2024ж

Жүргізуші:Армысыздар, аса құрметті ата-аналар!

Армысыздар қадірменді қонақтар!

Сәлеметсіздер ме қымбатты балабақша ұжымы!

Міне, туған өлкемізге алуан түсті жапырақтарын төгіп, толқып, би билеп, ел байлығын арттырып, берекелі күз мезгілі де келіп жетіп, бізбен бірге екі ай бойы қонақта болып келеді. Ендеше соның дәлелі біздің «Ханшайым» жеке балабақшамыздың ересектер «Жауқазын» тобының бүлдіршіндері дайындаған

-өлең жыр шумақты

-сазды, әуенді

-көңілді би қимылмен

-ертегі көріністерімен

-әсем сән үлгісімен

-сондай-ақ, табиғи қолөнерлерімен аса қызу дайындықпен дайындаған

«Арайлы алтын күз»атты ертеңгілігімізге қош келіпсіздер!

Жүргізуші:Алтын күз мерекесі құтты болсын!

Жомарт күздің берер сыйы көп болсын!

ертеңгілігіміздің алғашқы ашылу салтанатын балабақшамыздың басшысы Баянова Алмагүл Ерболатқызына сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Күз ұсынып егісі мен жемісін,

Әкеледі халыққа бар молшылық

Сары жапырақ алтындай боп төгілсін,

Мерекені біз бастайық сол үшін.- дей отырып,
ертеңгілігіміздің ең алғашқы бөлімі – таныстырумен
бастаймыз.Ендеше ортаға тобымыздың бүлдіршіні Шұғыланы
таныстыруымен ортаға шақырамыз.

Таныстыру: Шұғыла.

Жүргізуші:«Бұлақтың әні – сылдыры,

Баланың әні - былдыры» -демекші мерекелік
ертеңгілігімізді ән мен жалғастырайық. Қол слғып,
қошеметтеп сахнаға әнші қызымыз Гүлсезім мен бишілеріміз
Санжар мен Амираны қарсы аламыз.

Ән: «Күзгі вальс»

Жүргізуші:Жарайсыңдар! Не деген өнерлі балалар!
Өркендерің өссін! Балалар мен сендермен жұмбақтап өлең
жолдарымен қазір жылдың қай мезгілі екенін және қандай
табиғат құбылыстары туралы білетіндеріңді байқағым келіп
тұр.

Ортаға Мұхаммед, Фариза, Алмат шақырамыз. Құлақ салып
тыңдаңыздар.

1. Астық пісіп, орақ түсіп,

Қырмен дәнге тоады

Бөбектерім айтыңдаршы ?

Бұл қай кезде болады?

Мұхаммед:

Қарашы күз келді, күз келді.

Жапырақ жауыпты іздерді
Құс біткен керуен түзеді
Қара бұлт қабағын түйеді

2. Жапырақтар сарғайып,
Күн бұлтты болады.
Күз мезгілі айында,
Табиғатта қандай өзгеріс болады?

Фариза:

Дождь по улице идет
Мокрая дорога
Много капель на стекле
А тепла немного
Как осенние грибы
Зонтики мы носим
Потому что на дворе
Наступила осень!

3. Дала сары киінді,
Жапырақтар төгілді,
Самал соқты салқынау
Бұл қай кезде болады?

Алмат:

Жүргізуші. Өте тамаша, жарайсыңдар! Үш тілде жауап беріп, жақсы меңгерген екенсіңдер. Ендеше, бізге мол өнімін, жеміс-жидегін, алтын астығын сыйға тартқан бүгінгі ертеңгілігіміздің арнайы қонағы «Алтын күз» ханшайымын қарсы алайық. (Осы кезде қу түлкі қарқылдап күліп, жүгіріп келеді)

Түлкі: -Ха-ха –ха. –Сәлеметсіздерме балалар, қонақтар! Мне жаңа жолда әдемі сары көйлегі бар, себет толы жеміс-жидектері бар Ханшайымды көріп, оны өтірік алдап, жемістерін алып кеттім. -Ха-ха-ха!

Жүргізуші: -Ой, балалар, бұл қу түлкі емеспе, ол дұрыс жасады ма, қалай ойлайсыңдар?

Балалар: -Иә, бұл қу түлкі ғой.

Жүргізуші: Түлкішек –ау түлкішек, Өзің қайдан келесің. Сен өзің сондай әдемісің

Құйрығың бұлаң-бұлаң етіп, бейнеңде Алтын күзден аумады екенсің. Сен өте сұлусың ғой. Саған өтірік айтқан жараспайды.

Түлкі: Солай ма балалар, мен әдемімін бе?

Балалар: Иә.

Жүргізуші: Түлкішек-ау түлкішек. Келіп қалған екенсің, бүгін біздің балалар Алтын күз мерекесін тойлағалы жатыр, сенде бізбен бірге көңіліңді көтер, бірақта бізге өтірік айтатын қу түлкі емес ақылды түлкі керек, өйткені біздің балалар өте ақылды, өнерлі, тіл алғыш балалар.

Түлкі: Жарайды, балалар, мен сендерден қатты ұялып тұрмын, мен енді ешкімге өтірік айтпаймын, ақылды түлкі боламын. Сендермен бірге ойын ойнап көңіл көтерсем бола ма?

Балалар : Иә.

Жүргізуші: Мәне жарайсың, енді дұрыс болды, кел бізбен бірге мерекені тойлауға ат салыс.

Түлкі: Алақай, балалар сендер Алтын күз ханшайымын көргілерің келеме?

Олай болса менің сендерге бірнеше тапсырмаларым бар. Мен сендерге жұмбақ жасырамын, шешімін тауып көремізбе?

Күзде нелер пісіп жетіледі?

Өзі қызыл, өзі тәтті

Татқан жанды таңырқатты.

Бұл не?

Алма.Яблока, apple

Бойын жерге жасырған,

Бұрымы бар жасылдан.

Бұл не?

Сәбіз, Марковь,carrot.

Түлкі: Жарайсыңдар , қандай тапқыр балалар екенсіңдер. Жемістер мен көкөністер туралы жақсы біледі екенсіңдер.

1.Жүргізуші:Түлкішек біздің балалар сен ойлағандай емес, өте алғыр, ақылды балалар.Тек білімді ғана емес, өнерлі балалар.

Шалқып тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Алтын күзбен құттықтап

Би билейміз бәріміз – деп келесі кезекті «Алтын сақа» бүлдіршіндері дайындаған «Күзгі вальс « биімен қарсы

алыңыздар!.Қол соғып қошеметтеп отырайық құрметті қонақтар!

Би: «Күзгі вальс»

Жүргізуші: Келші, келші, Алтын күз!

Келші, келші, Жарқын күз!

Мерекені жалғастырып,

Ойнап күлші Алтын күз!

(сахнаға себет толы жемістері бар Алтын күз ханшайымы келеді)

Жүргізуші:Сәлеметсізбе, Алтын күз! Өзіңізбен бірге береке, байлық, молшылық, тоқшылық ала келдіңіз.Біз саған өте ризамыз.

Алтын күз: Армысыздар, бармысыздар!

Күзгі тойға келген қонақтар!

Өздеріңе әкелдім

Күздің сыйын көз тартар!

Жүргізуші:Алтын күз, мына себет толы жемісті сыйыңызды балаларға, қонақтарға таратып бересіз бе?

Алтын күз:Жо-жоқ. Бұл сыйды балалар өнер көрсетіп, қонақтар еңбек етіп, тер төгіп жеңіп алуы керек. Өйткені күздің сыйы жемістер мен көкөністер тек адамның еңбегімен ғана келген. Сондықтан менің сыйымды оңайлықпен ала алмайсыңдар. Менің мына келген қонақтарға өзімнің ала келген ойындарым бар. Балалар сендер білесіңдер ме Алтын күзде табиғатта қандай өзгерістер болады.

Балалардың жауабы.

Алтын күз: Дұрыс айтсыңдар. Күзде жаңбыр жиі жауады, ендеше сол жаңбыр тамшыларымен ойын ойнағыларың келеме.

Ойын: «Жаңбыр тамшылары»

(Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты байланыстыратын ойын.)

Алтын күз: Ендеше ойынның шартымен таныс болыңыздар. Ортаға 5 баламен оның аналарын шақырамын. Бір қолымызға қол шатыр ұстап, шелектегі жаңбыр суын қасықпен стаканға толтырасыз. (Ойын ойналып, жеңіске жеткен ана мен баласы марапатталды.)

Жүргізуші: Алтын күз, сені асыға күтіп, біздің балалар өзіңе арнап дайындаған өнерлерін тамашалауға қалай қарайсың?

Алтын күз: Әрине.

Жүргізуші: Қарасаңыз біздерге

Көркем сөзді меңгердік

Алдымызға жан салмай

Үш тілде біз сөйледік – деп біздің балаларымыздың үш тілде Алтын күзге арнаған тақпақтары бар. Ендеше ортаға «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерін үш тілдегі тақпақтарымен қарсы алыңыздар! Нұрай, АШұғыла, Айдын, Ерасыл.

Нұрай:

Наступила осень

Пожелтел наш сад

Листья на березе

Золотом горять.

Не слышать веселых

Песень соловья

Улетели птицы

В дальние края.

Айдын:

Сприн из грин

Саммэ из брайт Оутм из еллоу

Уинтэ из уайт

Шұғыла.

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз

Дәнге толы ен далам

Дариядай шалұып жур.

Мейірлі күз, мырза күз

Сыйлығыңа ризамыз

Аппақ арай таңында

Шомыламыз нұрға біз

Күнді көрсе толғанар

Бұлтты көрсе шамданар

Қысты қазір жолатпа

Тола түссін қамбалар

Көк аспаның мөлдіреп

Алтын күзің елжіреп
Асыр салып жүре бер
Сары көйлегің елжіреп.

Ерасыл:

Алтын-сары, қызыл-көк
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күімдеп
Көз тартады атырап.

Алтын күз: Өте тамаша, өркендерің өсіін.

Жүргізуші: Өнеріміз өрде тұрса байқарсыз,

Таңданыстан басыңызды шайқарсыз

Әртіс боп ертегіден көрініс қойсақ,

Өмір бойы мақтанышпен айтарсыз – дей келе
бідің балалардың «мақта қыз бен мысық» ертегісіне
дайындаған шағын музыкалық көрінісін тамашалаңыздар.

Музыкалық көрініс: «Мақта қыз бен мысық»

Жүргізуші: Өнерлерің әрі қарай шыңдала берсін!
Жарайсыңдар!

Бас қостық бәріміз

Біздер елдің сәніміз

Шаттық, бақыт, қуаныш

Елімізге сыйлаймыз

Мың бұралып билейміз

Думандатып, мерекені

Әрі қарай тойлаймыз. – деп, өздерінің көтеріңкі көңіл күйлерімен, әдемі көңілді билерімен ортаға «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндерін «Қуыршақтар» биімен қарсы алыңыздар! Ду қол шапалақ, қайда?

Би: «Қуыршақтар»

Жүргізуші: Не деген әдемі қуыршақтар! Жарайсыңдар!

Мерекелік ертеңгілігіміздің келесі бөлімі – «Гуси» атты шағын орыс тіліндегі көрнісін тамашалаңыздар. Ортаға орыс қыздарымыз бен балапан қаздарымызды шақырамыз. Қол соғып қошеметтеп отырыңыздар!

Көрініс орыс тілінде: «Гуси»

Орындаушылар «Алтын сақа» тобы бүлдіршіндері.

Жүргізуші: Керемет! Жарайсыңдар! Нағыз әртіс екен өздері! Ертеңгілігімізді әрі қарай жалғастырамыз. Келесі бізде «Күз сыйы» кезеңі. Бүлдіршіндеріміздің өздері ата-анасымен бірігіп табиғи бұйымдардан және дәмді астық тағамдардан, жемістер мен көкөністерден дайындаған Алтын күз бейнесі қолөнерлерінің көрмесі. Балабақшамыздың басшылары өзара бағалап, бағасын мерекеміздің соңғы бөлімінде марапаттап беретін болады.

Жүргізуші: Бүлдіршіндеріміздің табиғи бұйымдардан жасаған көрмесі өте керемет екен. Ата аналарға мың алғыс білдіреміз.

Бүгінгі кеш өтіп жатыр өз мәнімен,

Әрбір бөбек әсем болар өз сәнімен.

Күз сәні өнерімен ортаға шығып,

Сән көрсетер сайыскерлер сәнімен. – деп келесі кезекті «Сән үлгісімен» топ бүлдіршіндерін ортаға шақырамыз.

Сән үлгісі: «Алтын сақа» тобы

Жүргізуші:Қандай әдемі дайындыұпен келген. Неткен әдемі сұлу қыздар! Табиғи нағыз қолдан ерінбей жасаған әдемі сәнді көйлектер! Жарайсыңдар! Өте әдемі!

Балалар біздің ақ көңіл

Елгезек бала тіл алғыш

Осындай бала өсірген,

Аналарға мың алғыс!

Мың бұралып билеген

Ән айтуды кім сүймеген

Күміс көмей ,жезтаңдай

Нұрай біздің әнші қыз,- деп ортаға «Балалдық шақ» әнімен «Алтын сақа» тобының әнші қызы Орысбай Нұрайды сахна ортасына шақырамыз.

Ән: «Балалық шақ»

Орындайтын: Орынбай Нұрия

Алтын күз: Балаларым, балғыным,

Өздеріңді қимаймын

Дәм татыңдар мінеки,

Күзгі жеміс-жидектен

Өздеріңе сыйлаймын.- деп мен сендермене қоштасамын. Өте өнерлі, білімді, талантты балалар екенсіңдер. Мен сендерге ризамын. Қош сау болыңыздар!

(Алтын күз себет толы жемістерін балаларға таратып береді)

1.Жүргізуші:Құрметті қонақтар! Ата-аналар! Бүгінгі біздің «Арайлы - Алтын күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай

отырып, келер күзіміз де берекелі, молшылық, астықты болсын деп тілейміз. Бүгінгі мерекені қорытындылай отырып, «Күз сый» көрмесімен қолөнер дайындап әкелгене ата-аналарымызға марапаттау үшін сөз кезегін балабақшамыздың басшысына береміз.

2.Жүргізуші:

Берекелі бақ дәулет,

Арта түссін тойланып.

Сау болыңдар қонақтар!

Келгенше күз айналып.

Қош сау болыңыздар!

Алтын күз!



Алтын күз!



Тақырыбы:

Жасыл шырша жанында!

2023-2024ж

Тақырыбы: Қош келдің, Жаңа жыл!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер және кішкентай бүлдіршіндер. «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Барлығыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Әрбір адам Жаңа жылдан жаңалық күтіп, үмітпен қарайды. Осы мерекеге жиналған әрбіріңіздің үміттеріңіз ақталып, әрбір отбасында арман - тілектеріңіз орындалсын!

Қош келдіңіз бүгінгі кешімізге,

Жаңа табыс тілейік ісімізге.

Келе жатқан жаңа жыл құт әкелсін,

Мына отырған барша жан бәрімізге.

Жүргізуші: Бүгінгі шырша тойымызда да көптеген қызықты әндер де, билер де, күтпеген таңғажайып оқиғалар болуы мүмкін. Құрметті жамағат жүрекке жылулық ұялатар алғашқы жаңа жылдық құттықтау сөзді саналы ұрпақты, сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан «Ханшайым» жеке балабақшасының меңгерушісі: Шынар Қуанышқызына сөз кезегін береміз.

Балалар бізге ортамызға кім жетіспей тұрған секілді, Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді. Қанекей ендеше балалар бірге шақырайық.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата Акшақар.

Аяз ата:

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларын.

Асулармен алысқан, асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге Шаршап келді алыстан.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Акшақар:

Сәлеметсіздер ме, балалар. **Жаңа жылдарың құтты болсын!**

Сүйсіндірер маңайды

Акшақармын арайлы

Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, сәлеметсіз бе, Ақшақар. Алыс жолдан шашап келдіңіз. Біздің балаларымыздың сіздерге арнаған әндері, билері бар төрлетіп жайғасып тамашалап отырыңыздар.

Би: Попурри ән!

Жүргізуші: Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Өткен жылға ешкімнің өкпесі жоқ шығар, “Ескі жыл есіркесін, жаңа жыл - жарылқасын” демей ме?! Ортамызға тарихтан өтер “Барыс” жылы келе жатқан көрінеді. Ескі жылымызды есімізге түсіріп, еңсемізді көтеріп қарсы алсақ, қалай қарайсыздар?

Барыс жылы:

Ырр.. Мен барыспын, барыспын,

Бәріне мен таныспын, таныспын.

Айналама сыйлымын, сыйлымын,

Сезімсізбен алыстым, алыстым.

Күшіме мен сенемін, сенемін,

Бәрін де де женемін, женемін.

Жыл басы болуға, шіреніп мен келемін.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, барысжан, қош келдің! Жаңа жыл құтты болсын! Сізге ескі жылда ешқандай өкпеміз жоқ, алғысымыз шексіз. Ескі жыл сен жаңа жылымыз келген ше бізбен бірге бол. Көңіл көтеріп, ән салып, би билейік.

Би билейік бұралып

Қыздар тұр сұранып

Менде тұрмын кұр қалып

Шаттанайық қуанып.

Ескі жылымыздың құрметіне «Жауқазын» ересек тобының Маша мен аю биін тамашалаңыздар.

Жүргізуші: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам он болсын.
Төрле, төрле Жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

Балалар бізге Жаңа жыл келіп тұрған секілді.

Балалар: Жаңа жыл! (3 рет)

(Жана Қоян жылы келеді.)

Жаңа жыл: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен тұрмын қуанып,

Шаттыққа бөленіп

Бір жыл бойы сіздермен

Дос болайық шаттанып.

Мен қоянмын, қоянмын

Жылы жүзді ноянмын.

Жүргізуші: Сәлемітсіз бе! Жаңа жыл қош келдіңіз! Төрлетіңіз, бізбен бірге жаңа жыл мерекесін тойлауға шақырамын.

Барыс жылы: Рахмет көп көп! Менің де сендермен қоштасатын сәтім де жетті, Сіздерге мың алғыс, Қош сау болыңыздар!

Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!

Жүргізуші: Жаңа жыл келді бізге

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл.

Жаңа жылымызбен бірге қанекей балалар **Попурри** биін бірге билейік.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар.

Жаңа жылдың таны неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды,

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бакыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы.

Аяз ата: Тоқта,бізде құр қол келген жоқпыз Ақшақармен дайындаған өнеріміз бар қане бәріміз ортаға шығып бірге ән айтайық.

Рахмет көп көп Аяз ата ендеше біздің де ұлдарымыздың да өнері бар
Тамашалаңыз

Би; Буратино би

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым. Мені бүгін қуантып,алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды,білім ді өнерлі екенсіңдер.Киген киімдерін қандай әдемі,Солай емес Ақшақар!Біз сендерге көптеген сыйлықтар әкелдім,соны сіздерге табыстайын.Ал енді біз жолға шығайық.Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал,балаларым,сендер өсе беріңдер,өркендер беріңдер.Аспандарың ашық болсын!Қош сау болыңдар.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар,балалар Қош келдің Жаңа жыл! Жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды.Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.Жаңа жыл құтты болсын,отбастарыңызға тек бакыт пен қуаныш әкелсін.

Қош келдің Жаңа жыл!



Тақырыбы:

Үй жануарлары!

2023-2024ж

Тақырыбы: «Үй жануарлары» ашық кіріктірілген іс-әрекет.

Максаты: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға,

айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу. Сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады.

Тәрбиелік: Үй жануарларына қамқорлық жасау.

Әдіс - тәсілі: Сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету

Көрнекілік: Үй жануарларының суреттері, слайд

Балалар, «Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы» сондықтан да, алдымен қонақтармен амандасып алайық.

Сәлеметсіздер ме!, Здравствуйте

Шаттық шеңбері.

Білер қазақ баласы

Сәлем сөздің анасы

Көп танысты көреміз

Алдымыздан кезіккен

Бәріне де ізетпен

Иіліп сәлем береміз

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?

«Қар жинау» ойыны

- Өте жақсы. Жарайсыңдар!

- Балалар, тыңдаңдаршы, нелердің даусы?

- Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі жатады.

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

- Балалар: Ботаканым, қозым, құлыным, еркем, кішкентай дағым, қошаканым.

Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың

аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша!

Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың, қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған. Жарайды, балалар ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын шешуін кім табады екен?

Кішкене ғана бойы бар

Айналдырып киген тоны бар.

(Қой)

Қане, балалар ендеше қойдың дыбысын салыңдаршы.

Балалар: Қой - мә - мә маңырайды

Ой, бәрекелді балалар жарайсыңдар!

Екі айнасы бар

Екі найзасы бар

Төрт жылтырмағы бар

Бір шыпыртқысы бар

(Сиыр) Сиыр - мө - мө мөңірейді

Екеуі елеңдеп келеді

Төртеуі төбелесіп келеді

(Жылқы) Жылқы - е - е - е кісінейді

(Слайдтан көрсету) Дыбыстарын тыңдату.

Дыбыс естейді: «Ғажайып сәт»

Бақташы ата: Амансыңдар ма, балалар, ғафу етіңдер.

- Бұл қай жер екен?

- Балабақша.

- Қандай балабақша?

-«Нұршуақ» балабақшасы.

- Естілмейді қандай балабақша?

-«Нұршуақ» балабақшасы.

- Мен, шығып кеткен төлдерімді іздеп жүр едім, осы балабақшаның

жанынан өтіп бара жатыр деп еді. Тауып берсеңдер сыйлығым бар.
Көрмедіңдер ме?

Балалар:- Жок

Келіп қалған екенсіз. Ата төрлетіңіз! Бүгінгі оқу ұйымдастылырған
іс - әрекетінде Үй жануарлары туралы айтып жатыр едік.

Бақташы ата: Жарайды, балалар ендеше мен сендермен бірге ойын
ойнап жіберейік, келісесіңдер ме?

Балалар: Жарайды

Ойынды екі топқа бөлініп ойнап көрейік.

1 - топпен «Жануарлардың төлдерін тап» ойыны

2 – топпен «Кім жылдам» ойыны

Жарайсыңдар, Ата уайымдамаңыз, төлдеріңіз табылады шаршаған
шығарсыз бәріміз бірге сергіту сәтін орындап жіберейік, балалар
бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Тіктеп титтей құлағың

Ботам былай жүреді

Сыртылдатып тұяғың

Бұзау былай жүреді.

Алға созып мойынын

Ойнақтайды ботақан

Көкке қарай мұрынын

Шүйіреді бұзауқан.

Бақташы ата: Жарайсыңдар балалар! Көңілім көтеріліп сергіп
қалдым.

Мұғалім: Ендеше бақташы атамызға тақпақтар айтып берейік!

Жансая: Ақ бұзауым ұнайды

«Мө - мө» деп сүт сұрайды

Келеді өсіп күн сайын

Тұмсығын созып қарайды

Тілімен мұрнын жалайды

Алина: Кіп - кішкене момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп

Қошақаным өзім деп.

Балалармен қозының суретін жапсырту жұмысы.

Қане, балалар Бақташы атамызбен бірге «Дауысын айнытпай сал»
ойының ойнайық.

(Төрт түліктің даусы естіледі)

Балалар тыңдайықшы бір төлдердің дыбысы естілетін сияқты
Бақташы ата: Ой, балалар менің төлдерімнің даусына ұқсайды.

Бала: Сүйінші, сүйінші ата сіздің қозыңызды тауып алдым

Бақташы ата: Рахмет, балам өркенің өссін! Сүйіншіңді ала ғой.

Балалар, менің қозым Қане, балалар ұстап көріңдерші. Қандай екен?

Балалар: Сүйкімді, әдемі, кішкентай.

Бақташы ата: Мен сендерге сыйлығымды беріп кетейін, мұны ауылдан әжелерің беріп жібірді дәм татындар балалар. Жаксы сау болыңдар!

Рахмет, бақташы ата сіз келіп, біздің көңіліміз көтеріліп калды.

Жолыңыз болсын! Соу болыңыз!

- Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?

- Үй жануарларының төлдерін не деп атаймыз?

- Жылқы малы қандай өнім береді екен?

- Сиыр бізге қандай өнімдер береді екен?

- Малдың дыбысталғанын қалай атайды?

Жылқы - кісінейді

Сиыр - мөңірейді

Қой, ешкі - маңырайды

Түйе - боздайды.

Қане, балалар орнымыздан тұрып келген қонақтармен қоштасайық

Біз ақылды баламыз

Айтқан тілді аламыз

Бүгінгі келген қонаққа

Сау болыңыз деп, айтамыз.

Тақырыбы: “Үй жануарлары”



Тәрбиеші: Қорғанбек Гүлстан

«Ханшайым-1» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: **«Мен және менің ұжымым!»**

Психолог: Нағашыбайқызы Ә

2024 жыл

Тренинг тақырыбы: «Мен және менің ұжымым»

Тренинг мақсаты:

- өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға;
- жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Тренинг міндеттері:

- адамдар арасындағы қарым - қатынастың мәнін түсіну;
- өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерін білу, түзетуге көмектесу;
- сыныптағы өз орнын және өзінің ортасын танып білуіне көмектесу;
- сыныпта белсенді жұмыс жасауға түрткі, ниетті қалыптастыру;

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, А3-А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған карточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп.

Тренинг құрылымы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Тренингтің мақсат-міндеттерін хабарлау.

III. Негізгі бөлім.

а) Амандасу – «Жапон әліппесі» жаттығуы.

б) «Автопортрет» жаттығуы.

в) «Лабиринт» ойыны

Сергіту сәті

д) «Кедергіден шығу» жаттығуы.

ж/ бейнелеу жаттығуы

IV. Қорытынды бөлім.

а) «Теңізге саяхат» релаксация жаттығуы. Сурет салу

б) «Қайта байланыс» жаттығуы. Ой бөлісу

Тренингтің жүру барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі /амандасу, тренингке қатысуға келгендерге алғыс айту/

II.Тренингтің мақсат-міндеттерін хабарлау

- Тренинг ағылшынның «Тот Райн» - ойын, жаттығу деген сөзінен шыққан. Бүгінгі топтық-психологиялық тренинг тәжірибелік-психологиялық әдіс ретінде, коррекцияның негізгі құралы ретінде де қолданылады. Мақсаты әр адам бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін, жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Сондықтан тренингке барлықтарыңыздың белсенді, шын ниетпен қатысуларыңызды сұраймын.

III. Тренингке дайындық, ережесімен таныстыру.

- Тренинг – ойын, ал әрбір ойын ережелерді қажет етеді.

IV. Негізгі бөлім.

Топта әуен қосылып тұрады. Қатысушылар топқа әуенмен кіреді.

1.Сәлемдесу «Жапон әліппесі» жаттығуы

А – ка З – з П – но Ц – ми Б – зу

И – ки Р – ши Ч – кэ В – ру К – мэ

С – ари Ш,Щ – хи Г – жи Л – та Т – чи

Ь,Ъ,Ы – зук Д – тэ М – рин У – до

Э – мэй Е – ку Н – то Ф – лу Ю – фу

Ж – су О – мо Х – ри Я – на

Мұғалімдер осы әліппе арқылы өздерінің есімдерін жапонтілінде қасына сын есімді ікосып айтып шығуы керек. Мысалы: адемі Бегайым деген жапон тілінде катэкурин Зукужикаки.

Нұсқау: - шеңбер жасап отырып, қасында отырған адамға қарап көңіл көтеретін бір сөз айту.

Мысалы: сен бүгін өте әдемісің, көйлегің қандай әдемі...

б) «Автопортрет» жаттығуы.

Нұсқау:

- әр қатысушыға парақ беріледі, өз сипаттамасын тек бір жағына ғана жазу керектігі және 2 минуттан кейін парақтың келесі жағына есімдері көрсетілген беттерді тренер жинап алынатындығын ескертеді.

Жаттығу шарты:

- сізді таныс емес адаммен кездесу күтіп тұр делік, ол бірден сізді тану үшін өзіңізді сипаттап жазыңыз. Көпшіліктен өзіңізді ерекшелендіріп тұратын белгілеріңізді табыңыз.

Бет-әлпетіңізді, жүрісіңізді, сөйлеу мәнеріңізді, киім киісіңізді, зейінді аударарлықтай ым-ишараларыңыз болса т.б...

Рефлексия: Жазылған автопортреттер бір бірден таратылып оқылады, бұл кімнің портреті екенін анықтау керек.

в) Лабирант ойыны

Нұсқау: қатысушы топтар топтық жұмыс жасаймыз

Алдарыңызға жануардың жейтін азығына апару үшін лабирант түрі беріледі. Сол лабинартты топпен бірге қақпақшаның ұшындағы жіптерді әр қатысушы ұстап топпен бірге апару қажет

Бұл жерде ұжымның жеңіске бірге жететіндігін дәлелдеу

Сергіту сәті: әуенмен ырғақты би

д) «кедергіден шығу» жаттығуы

Нұсқау: сіздердің бастапқы қатысушы көзі ашық болады қалған қатысушылардың көзін байлаймын сол бастапқы адам арқылы барлығы ортадағы кедергі арасымен құлатпай, ажырамай өту қажет.

Бұл жерде сіздерге яғни көш қайда жүрсе сіздерде сол ізбен жүріп ынтымақтастықтың белгісі ретінде ауызбіршілікпен мақсатқа жету.

Ж) бейнелеу жаттығуы

Топта бір бір қатысушыдан шығып алдарыңызға плакат беремін және ол плакатқа ауыз мұрын көзді сіздер карамай жабыстыруларыңыз керек. Қалған қатысушылар сойлеме түсіндіру яғни мимика арқылы көмек берсе болады. Жаттығу басталды.

Бұл жерде қатысушының ойлау қабілетін дамытамыз.

7 . Релаксация Теңізге саяхат.

Мен оқимын сіздер содан ой түйіп топтық бейнелік жадының арқасымен жұмыс жасаймыз не ойладық не түйдік нені елестеттік

а) «Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығу»

Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.

Жүргізуші:

Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз бірқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда.

Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы басқан ауыртпалықтан бір сәтке болса да арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз.

Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап,

басыңызды шалқайттыңыз.

Күн сәулесі мен жеңіл самал жел сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының керемет дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүгіргіңіз, секіргіңіз, су шашып ойнағыңыз, күлгіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз.

Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз.

Сізге демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айтыңыз. Көздеріңізді асықпай ашыңыз!

Қандай сезімде болдыңыз? Не сезіндіңіз?

б) «Қайта байланыс» жаттығуы

тренингке қатысушылар тренингтің өткізілуіне байланысты өз ойларын білдіреді:

- Тренингте ең бірінші не ұнады? - Не ұнаған жоқ? - Өзің жаңадан не білдің?

б) "Алған әсеріңіз қандай?" -

рахмет парақшасына тарату

в) тренингке қатысушыларға рахмет айта отырып, тренингті аяқтау.

Сәлемдесу «Жапон әліппесі» жаттығуы

А – ка З – з П – но Ц –
ми Б – зу

И – ки Р – ши Ч – кә В –
ру К – мә

С – ари Ш, Щ – хи, Г – жи, Л –
та, Т – чи

Ь, Ъ, Ы – зук Д – тә М –
рин У – до

Э – мәй Е – ку Н – то Ф –
лу Ю – фу

Ж – су О – мо Х –
ри Я – на

Тақырыбы: "Мен және менің ұжымым"



Психолог: Нағашыбайқызы Ә

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

2023-2024жж

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

Максаты: Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар қазақтың салт-дәстүрлерін білді.

Істей білуі керек: Балалар ұлттық ойындарды ойнай біледі. Біздің кішкентай жүрегіміз бәрін жақсы көреді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Асықтар, арқан.

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, тәрбиешілер және бүлдіршіндер! Бүгінгі біздің кіріктірілген іс-әрекетіміздің тақырыбы: «Ұлттық ойындарына» қош келдіңіздер!

Босқа карап тұрмайық,

Бағымызды сынайық.

Намысты қолдан бермейік,

Жарыстан озып шығайық- дегендей бүгінгі іс-әрекетімізді «жарыс» ойын түрінде өткізгелі отырмыз. Бүгінгі ойынымызға қатысқалы отырған топтарды ортаға шақырамыз.

1. «Көкпар» тобы

2. «Алтынсақа» тобы

3. «Ақсүйек» тобы

Жүргізуші:

Ал, құрметті халайық

Жарысты енді көріңіз

Әділ қазы алқасы

Әділбаға беріңдер - дей отырып бүгінгі әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар!

1. Ханшайым-1 бөбекжай балабақша әдіскері: Сисенбиев Е.

2. Ханшайым-1 бөбекжай балабақша психологы: Нағашыбайқызы Ә.

3. Ханшайым-1 бөбекжай балабақша логопеді: Қожабаева Г.

Тәрбиешілер, балалар сіздерген сәттілік тілей отырып жарысымызды бастаймыз. Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныс болайық. Шартымыз 5 кезеңнен тұрады:

Сайыс шарттары:

1. Таныстыру
2. Теңге алу
3. Асық ату
4. Қол күрес
5. Арқан тартыс

Құрметті ойынға қатысушылар әділқазы алқалармен және шарттармен танысып болсақ ойынымызды бастаймыз. Барлықтарыңызға сәттілік!

Бүгінгі біздің ойынымыздың 1 кезеңі Таныстыру.

Ойын шарты: Әр топ тақырыпқа сай өз топтарын таныстыру.

1«Көкпар» тобы

2«Алтынсақа» тобы

3«Ақсүйек» тобы

1-кезеңнің бағасын берсеңіздер әділқазы алқалары.

2- кезеңіміз «Теңге алу»

Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды.

Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

2-кезеңнің бағасын берсеңіздер әділқазы алқалары

3- кезеңіміз «Асық ату»

Ойын шарты:Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты — асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпаға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.

3-кезеңнің бағасын берсеңіздер әділқазы алқалары

4- кезеңіміз «Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

4-кезеңнің бағасын берсеңіздер әділқазы алқалары.

5- кезеңіміз «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

5-кезеңнің бағасын берсеңіздер әділқазы алқалары.

Әділқазы алқаларымыздың қорытындысы дайын боламын дегенше балаларымыздың **"Қара жорға"** биін тамашалаңыздар.

Бүгінгі кіріктірілген іс-әрекетмізді қорытындылау үшін сөз кезегін балабақша әдіскері : Сисенбиев Ержан ағайға сөз кезегін береміз.

Тартыс десе арқанды бердік ескен,
Білек күшін көрсетіп қол күрескен.

Асық ату атадан қалған мұра,

Ұлттық ойын шықпайды елдік естен!- деп бүгінгі кіріктірілген іс-әрекетіміз өз мәресіне жетті. Қатысқандарыңызға көп рахмет. Сау саламат болыңыздар!

Тақырыбы: “Ұлттық ойындар”



Тәрбиеші: Бағдулла Жансая

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

«Балық»

2023-2024жж

Сабақтың тақырыбы: Балықтар

Максаты: Оқушыларға балық туралы толық түсінік беру, балықтардың пайдасы туралы айту, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту.

Тәрбиелік: Оқушыларды сурет салу арқылы байқампаздыққа, шыдамдылыққа, сабырлыққа, тапқырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Дамытушылық: Баланың тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін, ой- өрісін дамыту.

Әдісі: түсіндіру, практикалық сабақ

Көрнекілігі: балық түрлерінің суреті, теледидар, диск, аквариум, балықтары бар шам, балықтан жасалған тағамдар, дәрумендер, уылдырық.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі:

A) Психологиялық жаттығу

Сәлем деймін күнге мен,

Сәлем деймін мен саған,

Сәлем дейміз апайға,

Қонақтарға құстарға.

Еркем, еркем еркем- ай,

Еркелеткен еркем- ай

Жаксы көрем өмірді,

Жаксы көрем мен сені.

Бәрекелді.

Енді бәріміз орнымызға отырайық.

Қазір қай сабақ?

Сурет сабағы.

Оқу құралдарың дайын ба?

Мен сіздерге жұмбақ жасырамын, кім тез табады екен?

Аузы бар, тілі жоқ,

Терісі бар, жүні жоқ.

Қанаты бар ұшпайды,

Су астында қыстайды.

Балық

Ендеше біз бүгінгі сурет сабағында осы балық суретін саламыз.

Балалар, кім айтады, балықтар қайда өмір сүреді?

Суда, көлде, өзенде, теңізде.

Өте дұрыс.

Қандай балық түрлерін білесіңдер? (сазан, шортан, ит балық тсс)

Жарайсындар, өте дұрыс.

Ендеше бәріміз тақтаға қарайық

ЖАҢА САБАҚ

Балалар, тақтаға қарасақ балықтардың көптеген түрлері бар екенін байқаймыз. Өздерің айтқандай балық түрлері: сазан, бекіре, алабұға, май шабақ, жалпақ балық, тұқы, көксерке, жайын, шортан, табан балық және т.б.

Балықтар осыдан көп жыл бұрын мұхиттарда пайда болған. Ол кезде балықта канат, жақ сүйек, қабыршақтары болмапты. Олар бірте- бірте пайда болыпты. Осы балықтардың ішіндегі ең үлкен балық- кит деп аталады. Оның салмағы өте ауыр екен, ал аузын ашқанда аузының үлкендігі осы біз отырған бөлменің

үлкендігіндей болады екен. Ал, ең кішкентай балық- итбалық деп аталады. Балықтарға карап тұрсақ балықтардың пішіндері де әр түрлі. Осы пішіндеріне карап та балықтың кандай екенін, атын атауға болады екен. Мысалы: жалпақ балық, табан балық, жылан балық.

Балықтардың көбеюі: Балықтар уылдырық арқылы көбейеді (уылдырық көрсету) Уылдырықты көп шашатын балықтар- сазан, шортан, көксерке. Осы уылдырықты біз біз «патшалар тағамы» дейміз. Мынау міне осы балықтардың уылдырықтары.

Қазір балалар, балықтардың түрлерін және уылдырықты қай жерге шашатындары туралы мына мультфильмнен карап көрейік.

Балықтардың пайдасы: Балықтың пайдасы өте көп. Одан көптеген тамақ түрлерін жасауға болады. Қуырып жеуге, балық сорпасын пісіруге, салаттар жасауға болады. Кейбір балықтарды консерві түрінде де шығарады. Бұл консервіленген балықтар көп уақыт сақталады.

III Сергіту сәті:

Балалар, ал қане бәріміз партадан тұрып бойымызды сергітіп алайық.

Бойымызды сергітіп алсақ енді осы балықтың суретін салайық.

Ащы көлде жоқ балық,

Тұщы көлде жоқ балық

Ал, балалар салайық

Сол балыққа тоқталып.

Жұмыс барысы:

Балалар, енді қолымызға қарындашымызды алып, әдемі балықтың суретін салайық

Жұмысты бастамас бұрын үш түрлі сия дайындап аламыз.

Бірінші түспен жай ғана сопақша саламыз, екінші түспен құлағын, кеудесін саламыз.

Жіңішке қылқаламмен бір қабат жиегін түгел жүргізіп шығамыз.

Араласпаған сиямен көзін, аузын, құйрығын саламыз.

Балалар өз ойлары бойынша балықтың суретін салып, түрлі- түсті бояумен бояп аяқтаймыз.

Қол маторикасына арналған жаттығу.

Міне, балалар, сіздер бүгінгі сабағымыздағы балықтың суретін де әдемі салдыңдар.

Осыған дейінгі сурет сабағында тағы нелердің суретін салып едік.

Мысық, қоян, кірпі, қасқыр, үй жануарларының ішіндегі ешкінің суретін салдық.

Бәрекелді, балалар.

Енді, осы өткен сабақтарымызда салған суреттерімізді қолдарымыз арқылы көрсетейікші.

Дұрыс, өте жақсы жасадыңдар.

Ү. Қорытынды:

Тақырыбы: “Балық”



Тәрбиеші: Ерғазиева Әлия

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

Сары балапан

2023-2024жж

« Жауказын» ересек тобы

Өткізілетін күні, айы, жылы: 21.02.2024ж

Тәрбиеші: Жанзакова Кенжегуль.

Тақырыбы: «Сары балапан» кіріктірілген іс-әрекет.

Мақсаты: Тауықтың балапаны туралы түсініктерін кеңейту, балапанның үнін, кимыл -қозғалысын бейнелеп, дене бөліктерін ажырата білу дағдыларын дамыту, аз -көп ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Сары түсті айта білуге, өзге түстерден ажырата білуге қалыптастыру. Сөйлеу тілін дамыту, сөзбен сөзді байланыстырып сөйлете отырып, естігенін қайталай білуге үйрету. Бейнелеу өнеріне қызығушылығын тудыру, қарындашпен дұрыс оң қолға (солақай балалардан өзгесі) ұстай алуын қалыптастыру, қағаз бетін дұрыс бағдарлай білуге, сурет салу техникасын жетілдіру.

Тәрбиелік і: Кішкентай достарын сыйлауға, көмек көрсетуге, тәрбиеші нұсқауын орындауға, тек қағаз бетіне сурет салуға, қағазды жұмырламауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: Балапанның суреті, ақ қағаз, сары түсті қарындаштар, аудио дыбыс, балапанның бетпердесі.

Әдіс-тәсіл: балапан, түсіндіру, көрсету.

I Мотивациялық – қозғаушылық

Келген қонақтармен амандасу.

- Балалар қарандаршы, Айша сендерге тауықтың балапанының ойыншығын алып келіпті. Қарандаршы қандай әдемі балапан. Қане, біз де осындай әдемі балапанның суретін салып көрейікші.

II Ұйымдастыру – іздестіру

Балаларды орындарына отырғызу.

Суретпен жұмыс.

Балапан туралы түсініктерін кеңейту. Балалапанның дене бөліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Үстелді тік, түзу отыру, арындашты дұрыс үш саусақпен оң қолға (солақай балалардан өзгесі) ұстау керектігі, қағазды бағдарлай ала білу туралы білімдерін қалыптастыру.

Ақ қағазда салынған балапанның суретін сары түсті қарындашпен аяқтау.

Салған суреттерін бір – бірлеріне көрсету.

Аттарын жазу.

Балалар тақтаға әкеліп суреттерін жапсырту.

Қолға арналған жаттығу жасату «Қазым»

Көзге арналған жаттығу жасату «Жұм – аш»

Балапанның дыбысын естірту, қайталату. Шик- шик , шик - шик.

Билингвалды компонент : балапан - цыплёнок

Сергіту сәті: «Шик – шик балапан

Аз – көп ұғымдарын салыстырту.

Әуенді- қимылды ойын.

Мақсаты: балапанның бетпердесін киіп, қимыл – қозғалысын салдыру

III Рефлексивті – түзетушілік

-Біз бүгін не туралы айттық?

- Ненің суретін салдық.

Балаларды мадақтау, смайлик тарату.

Қонақтармен қоштасу.

-Орнымыздан тұрайық,

Жарты шеңбер құрайық,

Кездескенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық!Сау болыңыздар!

Тақырыбы: “Сары балапан”



Тәрбиеші: Жанзакова Кенжегүл

«Ханшайым» жеке балабакшасы

Максатты: Бала бакшы үй жануарларынан Күшүктүн сүнісін түзү. Спелл сабылган, сүйдү адалыгын сабылган, жана сабылган баланын баурун жана үй дүйнөсүн көрсөтү. Бала бакшы түзүлүшү.

Эмгек

Тарбияшын 10-өлөмөтү

Балалардын 10-өлөмөтү

Тақырыбы:

«Күшүк»

Деталь

2023-2024жж

Тақырыбы: «Күшік»

Максаты: Балаларды үй жануарларының бірі күшікпен таныстыру. Оның әдемілігін, сүйкімділігін сезінуге және қайырымдылыққа баурап жануарлар дүниесіне қамқор болуға тәрбиелеу.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Дәлелдеу.	Шаттық шеңберін жасау. (Күн шуағын шақыру) Біз айнала тұрамыз Үлкен шеңбер құрамыз. Жәй жүреміз алдымен Бірте-бірте тездетіп. Жүгіреміз желдетіп Тағы жәймен жүреміз Тыныш-тыныш деймізде Орнымызға келеміз. (Қимылмен жасайды) Қыңсылаған дыбыс шығады. Есікті ашып қараса, кішкентай күшік	Балалар күн шуағын шақырып, бір – біріне жылу таратады. Қолдарын алға созып үрлеп келген қонақтарға жылу сыйлайды. Балалар күшікті көріп таң қалады.

	келіп тұр.	
Ұйымдастыру, іздену.	Тәрбиеші балаларға күшікті таныстырады. -Балалар, бұл не? Бұл кішкентай сүйкімді күшік. Қандай әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар.Өзі ала, қара мен ақ араласқан, табандарыда жұмсақ. Қане балалар, бұл күшіктің атын білмейміз. Ендеше ат қоямыз. Не болсын? Төсі ақ- ақтөс болсын ба? Әлде табаны ақ Ақтабан болсынба? -балалар бұл күшік үйінен адасып шығып кеткен, қарны ашқан болу керек, бәріміз тамақтандырайық.	Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды. Күшікпен жақсы танысады. Күшікке Ақтөс деп ат қояды. Күшікке аяушылық білдіріп, сүт

Өлеңін оқу:

Күшігім менің үріп тұр

Бір нәрсені сезіп тұр

Есікті ашып қарасам

Атам. Әжем келіп тұр.

Сұрақтар қою:(осыған сергіту сәтінде кіреді)

Балалар күшік ашуланса қайтеді?

Бірдеңені сезіп қалса нестейді?

Қатты жүгіргенде қайтеді?

Күшік қалай демалып жатады?

Күшігіміз сүтке тойып алды. Енді жылы үйшік керек. Біз күшікке үйшік жасап беріп

қамқорымызға алайық.

Мен Ақтөсті суретке түсіріп алдым әр қайсысын өз күшіктеріңе

береді. Күшіктің тамақтанғанын көріп балалар қуанады.

Өлеңді қайталап айтады.


Сұрақтарға жауап береді.

Әр сұрақтарға қимылмен көрсетіп жауап береді.

Балалар геометриялық пішіндерден күшікке үйшік

	үйшік жасаңдар. (үшбұрыш, төртбұрыш, жарты дөңгелек) «Қуыспақ» ойынын ойнайды.	құрастырады. Күшікпен қуыспақ ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті түзету.	Балалар күшікке әдемі қарғыбау сыйлайды. Тәрбиеші балаларды жұмысы үшін мадақтайды.	Балалар күшікке қарғыбау сыйлағанына қуанады.

Тақырыбы: “Күшік”



Тәрбиеші: Есіркепова Лиза

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Такырыбы:

«Қыс қызығы»

2023-2024жж

Тақырыбы: «Қыс қызығы» кіріктірілген іс-әрекет
Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту. Жапалақтап жауып тұрған қар ұлпаларының суретін түтікше арқылы үрлей отырып, бейнелеуге үйрету.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, слайд.

Тәрбиешінің іс - әрекеті: Шаттық шеңбер:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз

Жарқырайды даламыз

Қайырлы таң достарым

Қайырлы таң қонақтар

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін таба аласыңдар ма?

Балалар: Әрине.

Тәрбиеші: Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды

Қар омбығып,

Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.

Бүлдіршіндерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады?

Балалар: Қыс мезгілінде.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Балалар, қазір

жылдың қандай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Балалар, қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады?

Балалар: Қар жауады, суық балады, боран соғады, аяз болады.

Тәрбиеші: Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді?

Балалар: Адамдар жылы киінеді.

Тәрбиеші: Қыста қандай ойындар ойнаймыз?

Балалар: Қардан аққала соғамыз, сырғанақ жасаймыз, шана, шаңғы тебеміз.

Тосын сәт: Топқа Маша мен Аю қонаққа келеді.

Маша мен Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Балалар: Сәлеметсіздер ме?

Маша: Балалар менде неше түрлі пішіндер бар, сол пішіндерден аққала жасауға көмектесесіңдер ме?

Балалар: Көмектесеміз.

Балалар Машамен бірге пішіндерден аққала жасайды.

Маша: Жарайсыңдар, балалар. Енді менің сурет салғым келіп тұр.

Тәрбиеші: Олай болса сендер Аю екеуің балалармен бірге сурет салуға көмектесіңдер.

Балалар қорапшадағы бейнелі суреттерді таңдау арқылы екі топқа бөлінеді.

1 - топ: «Аққала» тобы.

2 - топ: «Ұлпа» тобы.

1 - топ: «Аққала» тобы жарық шамы түсірілген өйнекке қыс қызығын манка жармасынан, ас тұздан,

құмнан саусақ қимылдары арқылы сурет салады.
2 - топ: «Ұлпа» тобы көк түсті қағазды алып, ақ түсті гуашь бояуына қылқаламды батырып, көк түсті қағазға тамызып, бояуды түтікшемен үрлеп, қар ұлпасының суретін бейнелейді.

Сергіту сәті:

Саусақтарым тұрыңдар,
Сапты бірге құрыңдар,
Желмен бірге майысып,
Оңға, солға бұрыңдар.

Маша мен Аю: Балалар, сендерге көп рахмет. Өте қызықты болды бүгінгі іс - әрекеттерің. Енді қайтайық, қош сау болыңдар.

Тәрбиеші: Жүректен жүрекке,
Қол ұстасып тұрайық,
Достық әнге салайық,
Сау - саламат болайық.

Күтілетін нәтиже: Не алды? Қыс қызығын тамашалады.

Не білді? Қыс мезгілі туралы мағлұмат алды.

Не істей алды? Балалар түтікшемен қардың және құм, жарма, ас тұзын пайдалана отырып жарық түсірілген әйнекке саусақ қимылдары арқылы сурет салды.

Тақырыбы: “Қыс қызығы”



Тәрбиеші: Смайлова Фариза

«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

«Пішіндер»

2023-2024жж

Тақырыбы: «Пішіндер»

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру. Балалардың ой - өрісін, қол моторикасын, логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысы: Балалар жарты шеңбер бойымен тұрады.

Амандасу: Музыка әуенімен әндетіп:

-Үлкенге де сіз,сіз.

Кішіге де сіз,сіз.

Сәлем бердік сіздерге

Құрметпенен біз, біз.

- Балалар, жылу шеңберіне тұрайық.

Жылулық шеңбері: (Балалар қимылмен көрсетеді)

- Алақанды ашайық,

Күн нұрын салайық.

Жүрек жылуын салайық.

Жиналған жылу шуақтарды,

Қонақтарға шашайық.

(музыка әуенімен видеопроектордан дыбыс естіледі де, ханшайым көрінеді. Балалар бұрылып амандасады)

Ханшайым:

- Сәлеметсіздер ме, балалар?

Балалар:

- Сәлеметсіз бе?

Ханшайым:

- Мен сендерді «Сиқырлы пішіндер» әлеміне шақырамын.

Тәрбиеші:

- Балалар, «Сиқырлы пішіндер» әлеміне барғыларың келе ме?

Балалар:

- Иә.

Тәрбиеші:

- Ал қандай көліктермен барғыларың келеді?

Балалар:

- Поезбен.

Тәрбиеші:

- Жарайды. Ендеше, поезбен барайық. Ал кеттік.

Бәрі шеңбер бойымен жүріп, музыка әуенімен:

Қимылды ойын:

«Поезд» Тіл ұстарту жаттығу.

Пыш - пыш, пыш - пыш біз кеттік,

Жүрісті үдеттік.

Гу - гу, гу - гу гуілде,

Қалып қойма біріңде.

Тәрбиеші:

- Қане, балалар, тоқтайық. Пыш - ш - ш.

- Балалар, біз міне «Сиқырлы пішіндер» әлеміне де келіп қалдық.

Қане, поездан түсейік.

- Ой, балалар, әртүрлі пішіндерді қараңдаршы. Өздері сөйлейді.

Сиқырлы пішіндерге қандай пішіндер жатады екен, сұрап, көрейікші:

- Сен қандай пішінсің?

-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.

Төрт қабырғасы бар бұрышпын,

Қай жағынан қарасаңда,

Төрт қабырғам тең бұрышпын.

Тәрбиеші:

- Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. (санайды) Төртбұрыштың түсі қандай?

Үшбұрыш:

-Үшбұрышпын, үшбұрышпын,

Үш қабырғам бар бұрышпын,

Төртбұрыштан аз болсам да,

Орны бөлек үшбұрышпын.

- Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен?

Дөңгелек:

- Домалақпын, домалақпын,

Дөңгелек боп домаладым.

Ай сияқты, күн сияқты

Шар сияқты домалақпын.

- Дөңгелектің бұрышы бар ма?

- Пішіннің түсі қандай?

I. Тәрбиеші:

- Балалар, осы пішіндерді қоршаған ортамен

салыстырайық. (вэдиопроектордан пішіндерге ұқсайтын заттарды атап, таяқшамен көрсетеді)

Д/о. «Айналадағы заттардың пішіні»

Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту.

II. Тәрбиеші:

– Балалар, Ханшайымның «Кеңістікті бағдарлау» деген тапсырмасы бар.

Шарты: Тақтадағы үлгі бойынша тапсырманы орындау. Ақ жапсырғыштың бетіне жоғарғы жағына төртбұрыш, төменгі жағына дөңгелек, оң жағына үлкен үшбұрыш, сол жағына кішкентай үшбұрышты жапсыру.

Тәрбиеші тексереді.

Тәрбиеші:

- Ал, балалар, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Көңілденіп біз енді,
Бой сергітіп алайық.

«Ойыншықтар» әнін музыка әуенімен балалар ойыншықтарын алып, қимыл көрсетіп айтады.

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Әмір беріп бұйырсақ.

Ойыншықтар ұйықтайды,

Айтқаныңнан шықпайды.

Ал, қозы мен құлыншақ,

Ұйықта десең ұқпайды.

III. Тәрбиеші:

–Балалар, Ханшайымның мынадай тапсырмасы бар,

«Ойыншықтардың үйін табу» деген.

Шарты: - Мына жерде биік және аласа үй бар. Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.

IV. Тәрбиеші: - Балалар, Ханшайымның тапсырмасына қарайықшы.

- Мынау не?

- Балық.

- Балық қайда жүзеді?

- Суда.

- Балықтардың көлеміне қарасақ бірдей ме?

- Жоқ.

Мынау қандай балық?

- Үлкен, кіші, мынау одан да кіші.

Тәрбиеші: - Балалар, Ханшайымға көмектесейік. (Түсіндіру)

- Балалар, мынау біздің аквариум болсын. Ал мынау балықтардың орны, мынау көзі. Алдымызда тұрған балықтарды алып, көлеміне қарай балықтардың орнын табамыз.

Д/о «Балықтардың орнын тап»

Шарты: Үлкен, орташа, кіші балықтарды тауып, олардың көлеміне қарап, ілгектөу.

V. Тәрбиеші: - Балалар, біз мына пішіндердің көмегімен көптеген заттарды құрастыра алады екенбіз.

Ал сендер құрастыра аласыңдар ма?

Тәрбиеші: - Балалар, құрастырып көрейікші. Ол үшін төртке топқа бөлінейік. (Балалар төрт топқа бөлінеді. Матадан тігілген пішіндерді алып,)

1-топ: Пішіндерден үй құрастырады.

- Үй қандай пішіндерден тұрады?

- Төртбұрыштан, үшбұрыштан тұрады.

2-топ: Құрт

- Құрт қандай пішіндерден тұрады?

- Төрт дөңгелектен тұрады.

- Үлкен, орташа, кіші, одан да кіші, кішкентай дөңгелектен тұрады.

3-топ: Машина

- Машина қандай пішіндерден тұрады?

- Тік төртбұрыштан, шаршы, екі дөңгелектен тұрады.

Тағы не құрастыруға болады?

Музыкамен дыбыс шығарады. Балалар бұрылып, Ханшайымның алдына барады.

Ханшайым:

- Балалар, барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар. Рахмет.

Тәрбиеші:

- Жарайды, балалар, Ханшайыммен қоштасып, поезға отырып тобымызға барайық.

Балалар:

- Пыш - пыш, пыш - пыш біз кеттік,

Жүрісті біз үдеттік.

Гу - гу, гу - гу гуілде,

Қалып қойма біріңде.

Сабақ аяқталды.

Тақырыбы: “Пішіндер”



Тәрбиеші: Кенже Шынар

«Қош келдің, өз Наурыз!»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілігі: плакаттар, нақыл сөздер.

Тілектер: «Ұлық бақты болсын, төрт түлік ақты болсын», «Дастарқан берекелі болсын!», «Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм тұз!»

Әуен ойналып тұрады.

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, ата - аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Наурыз «жаңа күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі.

Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!

Наурызым қайта оралды аты аңыз,

Сұраймыз алғыс та біз, ақы да біз.

Үй - дастархан, даламыз сахнамыз,

Ұлы мейрам Наурызға шақырамыз!

Наурыз тойы құтты болсын!

Жүргізуші:

Қайырлы күн, мейрамға жиналған барша қауым. Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні - ата - баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы - бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жаңа күн мерекесі.

Олай болса, бүгінгі «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік думанымызды ашып беру үшін сөз кезегі Ханшайым-1 бөбекжай балабақшамыздың меңгерушісі **Женсикбаева Шынаркуль Куанышқызына** беріледі.

Жүргізуші:

Шашу, шашу көп шашайық шашуды
Жауғандай көк аспаннан нөсер жаңбыр.
Уа, жамағат жинап ал несібеңді,
Ризығың бола берсін көл - көсір! ШАШУ ШАШЫЛАДЫ.

Жүргізуші:

Алқа - жұртым, той - думан,
Ортамызда ашайық.
Өн мен күйді төгіп біз,
Інжу маржан шашайық!
Өн: «Наурыз думан».

Жүргізуші:

Келіндер, Наурыз тойға бөрің бүгін,
Аямай өнерпаздар өн мен жырын.
Тойлайық халық тойын Наурызымның,
Шуағын жерге төккен бақыт күнін-дей отыра Балдырған
тобының қыздарының «Дастархан» биін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Келіндер, Наурыз күнін қарсы алайық,
Билейік, жыр жырлайық өн салайық.
Қаһарлы қыстан өтіп Наурыз келді,
Арқанды кеңге созшы, уа халайық!-дей келе Құлыншақ тобының
ұлдарының «Қамшы» биін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші:

Би биледік бәріміз!
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз- **Наурыз!**- дей келе Балдырған тобының
бүлдіршендерінің «Қамажай» биін қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:

Наурыз күні той думан,
Ортамызды ашайық .
Ән мен күйді төгіп,
Биден шашу шашайық . –дей отыра Құлыншақ тобының қыздарының
«Домбыра» биін қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:

Жылдың басы Наурыз,
Жырдың басы Наурыз.
Наурызға арналсын,
Бүгінгі би сәніміз!- дей келе Балдырған тобының жігіттерінің «Бәйге биін»
қарсы алыңыздар!

Жүргізуші:

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда олжалы жол болар.
- деп бүгінгі тойға үлкендерден бата сұрайық.

Жүргізуші:

Білесіңдер ме? Наурыз тойының өзіне тән үлкен ырым асы –
Наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі дәмді астың құрамынан
жасалады. Оның мәні жаңа жылда тойымшылық, молшылық,
татымды өмір болсын деген ырымды, тілекті паш етеді. Наурыз
тойындағы тағамдарда көбінесе ақ тамақ басым болады.
өйткені бұл кезде төрт түлік төлдеп, ақ молайған кез.

Жүргізуші: Барлықтарыңыздың наурыз көжеден дәм татуға
шақырамыз! Мереке құтты болсын!

Келесі Наурызда аман-есен жүздескеше күн нұрлы болсы!

Қош келдің Әз-Наурыз!



Жауапты:
Тлұмбетова Ш.



«Ханшайым»жеке балабақшасы

Тақырыбы:

Қош келдің-әз Наурыз!

Тәрбиеші: Ерғазиева.Ә

2023-2024ж

Қош келдің – Өз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар ата-аналар, қонақтар, балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың – ұлы күні!» наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. «Қош келдің – Өз Наурыз!» атты мерекесін тамашалаңыздар. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, төрт түлік мал түлеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы – Наурыз мерекесі.

Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге жылдан үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ұлы мереке сіздерге бақыт сыйласын!

Ал балалар тұрмайық,
Өндетейік, шырқайық,
Думандатып, би билеп,
Өнмен күйді төгілдіріп,
Інжу-маржан шашайық,
Келген қонақ таң қалсын,
Өнерден күмбез жасайық

Жауқазын тобының Бүлдіршіндерінің «Қара жорға» биін қабыл алыңыздар!

Ей балалар, балалар,
Енді маған қараңдар!
Наурыз тойын тойлайық
Қызық ойын ойнайық.

Ойын: «Қыз қуу» ойыны

Жүргізуші: Рахмет балалар. Енді біздің балалар ұлттық ойын ойнап береді.

Ойын: «Қыз қуу» бір қыз қашады оны екі бала қуады кім бірінші барып бетінен сүйеді сол жеңіске жетеді

Қыздармыздың «Аққу» биін қабыл алыңыздар!

Арқан тартыс ойыны : Ұлдар шығады

Бір топ ұлдарымыздың «Қамшы» биін қабыл алыңыздар!

Көрініс: «Тұсау кесу» рәсімін көрсетеді

Наурыз келді жарқыраған, жайнаған,

Салтанатты сауық-сайран айналам.

Наурыз тойда, қыр мен ойда,

Қала, дала қызық думан қайнаған — деп, келесі кезекті салт-дәстүрге береміз.

Салт-дәстүрдің бірі — «Тұсау кесу»

Ал олай болса, біз бүгін ортамызға, Ақ жаулықты

әжеміз немересіне , «Тұсау кесу» рәсімін өткізеді. Бәріміз бірге тамашалайық.

Енді кезек : Қол күрес

Бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне таяп қалды. Наурыз тойларыңыз тағы да құтты болсын! Елімізде тек жақсы күндер көп болсын! Ұрпағымыз ата-баба дәстүрін ұлықтап өтсін!

Баршаңызды Наурыз көжеден дәм татуға дастарқанға шақырамыз. Сау болыңыздар! Көріскенше күндеріңіз шуақты болсын! Келесі Наурызға уайым-қайғысыз, аман-сау жетейік!



«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

«Ұранды ердің – ұрпағы қайсар!»

Scanned with
CamScanner

Тақырыбы: Ұранды ердің - ұрпағы кайсар.

Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Қайырлы күн, ардақты азаматтар, қымбатты әкелер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр - Отан қорғаушылар мерекесі де келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік кешіміз өздеріңізге арналады. Кешіміздің эксперттік тобы:

Жүрекке адалдықтың ескен гүлін
Ғажайып келешектің төккен үнін
Ардақты ағаларға шын көңілден
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.
Армысыздар, ардақты азаматтар,
Отбасының тірегі, елді бастар.
Құтты болып мереке баршаңызға
Бақ - береке әкелсін отбасыға!

Құрметті әкелер, біздің ұлдар! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!
Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар.
Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын.
Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз.
Әкелерді құттықтауға қыздарды ортаға шақырамыз.

Тақпақтар:

1. Нағыз әке ақылгөй де асқар жан
Барлық ұрпақ әкелерден басталған
Ал әкелер өздеріне арналған
Бүгінгі той қуаныш пен мереке

2. Әкем менің асқар тауым тірегім
Бәрінен де сен қымбатсың білемін
Қанат қағып кетсем алыс қияға
Сен деп соғар жұдырықтай жүрегім

3. Жүздеріңнен көрем шаттық арайын
Болсын солай әрбір күнің әр айын
Тойларыңыз құтты болсын әкелер
Балаларың төге берсін мерейін

4. Есімде бейнесі әкемнің
Күлімдеп маған қарайтын
Мен саған талпынсам
Құшағын жая сап көтеріп алатын

5) Сәулелі сөз сөне ме
Орны бөлек батаның
Бізге тәлім өнеге
Ақ тілеуі әкенің

6) Әр сөзінің ақырын
Жаксылыққа тіреді
Қадап айтып ақылын
Көпке бакыт тілейді

7) Атамның ән күйі ғажайып
Әжемнің әлдиі ғажайып
Анамның мейірімі ғажайып
Әкемнің пейілі ғажайып
Осындай жаксы әдет ғажайып
Қалмасын ешқашан азайып

7 мамы
Ойау қорғаушылар күні!



«Ханшайым» жеке балабақшасы

Такырыбы:

Бейбітшілік – ел тілеті!

2024жыл

Тақырыбы: Бейбітшілік ел тілегі!

1-Жүргізуші: Нәсілдерге нәсіл болсын нұрлы күн,

Ынтымақтың шертсем деймін бір жырын,

Татулығын жырға косам ұлттардың

Мақтан қылып ұлыстардың бірлігін.

1-Жүргізуші: Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Мерекелік салтанатымызды ашық деп жариялаймыз.

(Гимн орындалады)

1-Жүргізуші: Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы.

1-Жүргізуші: Діні басқа, тілі басқа, тілегі бір, бір шаңырақ астында жиналған ұлт пен ұлыс өкілдерінің ынтымағы – ырысы, байлығы – берекесі болып, татулығы жарасқан біздің елде өмір сүріп жатқаны жүректерге сенім, көңілдерге қуаныш ұялатады.

2-Жүргізуші: Қазақстан! Бірлік пен ынтымақтың, бостандық пен бақыттың, еркіндік пен ерліктің қасиетті жері. Қазақстан! Тілі басқа тілегі бір, жүзі басқа жүрегі отандастар тебіреніспен, ерекше екпінді леппен, шынайы салтанат сезіммен айтады.

1-Жүргізуші:

Тәуелсіздік! Туы бекем тұр елім,

Жұмыр әлем жұдырықтай жүрегім.

О, Халайық, қуанышқа шашайын,

Ел бірлігін айқындайтын той биін.

(қазақ биі биленеді)

1-Жүргізуші:

Кел, бауырым той, мереке жасайын,

Саған ыстық құшағымды ашайын.

Шарықтайық, шырқап қанат қағайық,

Шындарына жарқын өмір нұрының.

(музыка фоны өзгеріп, корей биі биленеді)

1-Жүргізуші: Әр халықтың, әр ұлттың, адамзат қоғамының ертеңгі күнге үміт артар сенімі де, өмірі де балалар. Бүгінгі сәби — ертеңгі ұрпақтың жалғасы, біздің болашағымыз, Қазақстанның жарық жұлдыздары.

(Балабақшалар бүлдіршіндерінің биі)

1-Жүргізуші: Мерейі өссе шарықтап көкке ұшқаным,

Ақ саумал ессе, сеземін өбіп, құшқанын.

Болашақтарға болаттай бекіп жол тартқан,

Сүйемін мәңгі, сүйемін сені, Қазақстаным!

(Қазақстан туралы ән орындалып, барлық бишілер би билейді)

Бейбітшілік - ел мінезі!



«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

Біз Отаның Сарбазы!

Тәрбиеші: Ерғазиева.Ә

2023-2024ж

Тақырыбы: «Біз Отанның сарбазы»

Мақсаты: Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды Отан қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Құрметті асқар таудай әкелер, арқа сүйер аталар және де біздің кішкентай ұландар!

Сіздерді келе жатқан Ұлы жеңістің 72 жылдық мерей тойымен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасытарыңызға бақыт, бірлік, береке тілей отыра, бүгінгі «Айгөлек» шағын орталығының тәрбиеленушілерінің дайындаған «Біз Отанның сарбазы» атты ертеңгілікті бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

Отан үшін мерт болғанды танып біл,
Оларды әсте ұытпайды халық бұл!
Ерлік даңқы ешқашанда өлмейдіді,
Батырлардың жүрегі отбоп жанып тұр!

Әнұран айтылады.

Тәрбиеші:

Тебіренді тауың, желпінді далаң,
Көтерді көкке туларды ғалам.
Жеңістің ұлы күнімен сені,
Құттықтау үшін келіп тұр балаң,- дей келе балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Әмір:

Желбіреген жалауымыз,
Ұлы Отанның ұланымыз.
Бейбітшілік қалауымыз,
Асқақтаған жыр – әніміз.

Али:

Мәншүк апай батыр қыз,
Ардақтаймыз атын біз.

Аяла:

Ұқсап Мәншүк апайға,
Өсіп келе жатырмыз.

Айзере

Отан – біздің үйіміз,
Отан біздің жырымыз.
Отан біздің бақшамыз,

Құлпыртатын гүліміз.

Бекнур

Әлияны бұл күнде,
Барлық бала біледі.
Әлия – аты көңілде,
Әпкеміз боп жүреді.

ТӘРБИЕШІ: Келесі «Сарбаздар» биін қабыл алыңыздар.

БИ: «Сарбаздар»

ОЙЫН: «Қолынан таны»

Шарты: Көзі байлаулы ата – аналар балаларының қолдарынан сипау арқылы танып табу керек.

Сезім

Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама.
Жеңіс келді әке боп,
Елдегі көп балаға.

Нурбейне

Даламыздың даңқысыз,
Балауса гүл, балғын қыз.
Жанын қиып халқы үшін,
Жанып түскен ақ жұлдыз.

Асылжан:

Арыстан батыр – атымыз,
Қыран құс құмай затымыз.
Жауынгер жалын жасақтың,
Арқалы азаматымыз..

Шаннур:

Отан – көкшіл туымыз.
Отан біздің еліміз,
Отанды қорғап жүреміз
Туып өскен жеріміз.

ТӘРБИЕШІ: Айтқан сайын жақсы аға,

Өңгімеге тоймаймыз.

Біздер бүгін бақшада,

Жеңіс күнін тойлаймыз!- дей келе келесі «Жас ұлан» әнін қабыл алыңыздар.

ТӘРБИЕШІ: Келесі тамашалайтындарыңыз қыздардың орындауындағы «Катюша» биі. Қабыл алыңыздыр.

БИ: «Катюша»

қыздары.

Айзере:

Жауынгер біздің саңлақтар,
Жауды жеңген солдаттар.
Ардақта Отан – ел үшін,
Бақытты туған жер үшін.

Маржан:

Жеңіс күні құтты болсын,
Құтты болсын аталар.
Ұмытпайды ешқашанда,
Жауынгерді балалар.

ТӘРБИЕШІ:

Жеңіс-күні бар әлемге әгілі
Көктем шуақ тоғызыншы май күні
Айтшы кане,біздің жеңіс шөруі
Кездейсоқ па көктемге тұс келуі!

ХОР: «Әрқашан күн сөнбесін» Топ тәрбиеленушілері хормен айтады

1.Күн әлемі, көк әлемі
Бұл суретте жас баланың
Ақ қағазға салған ізі
Бір шетіне сөз жазған

ҚАЙЫРМАСЫ:

Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін.
Қасымда болсын анам,
Болайын мен де аман.

2. Солнечный круг, небо вокруг
Это рисунок мальчишки
Нарисовал он на листке
И подписал в уголке

ПРИПЕВ:

Пусть всегда будет солнце,
Пусть всегда будет небо
Пусть всегда будет мама



«Ханшайым» жеке балабақшасы

Тақырыбы:

Ана-аса қымбатты жан!

Тәрбиеші: Ерғазиева.Ә

2023-2024ж

Тақырыбы: «Ана – аса қымбатты жан»

Максаты: — мерекелік көңіл — күйін құру;

— ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;

— балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін

қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;

— өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Кейіпкерлер: Жүргізуші, «Кәмпит — Ханшайым»

Ертеңгілік өткізуге қажетті құрал — жабдықтар: Безендірілген әсем зал, гүлдер, құмыра, сыйлықтар, әсем әндер жазылған ұнтаспа, т. б

Ертеңгіліктің барысы:

Балалар залға қол ұстасып, жұптасып әдемі әуенде вальс ырғағында айналып, билеп өтеді. («Тәттім — ау» әуенімен)

Тәрбиеші: — Құрметті аналар, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі Жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады. Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзінің жан анаңды көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші! Ару — ана, Ару — асыл жар, Ару – көңілдің гүлі, Ару — өмірдің жыры, тіпті айта берсең сөз жетпейді. Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған «Балауса» тобының бүлдіршіндерінің «Ана — аса қымбат жан!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Барлық балалар хормен: Құттықтаймыз анашым, 8 — ші Наурызбен!

Тәрбиеші:

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,
Ән маржанын шашайық.

Хор: «Ақ мамам»

Тәрбиеші: — «Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзы да жібітеді»- демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Ануар:

Анам болса қасымда
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейірімді ғой керемет

Айым

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймын мерекеңмен,
Құрметті Аналар!

Аяла

Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

Рамина

Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түземіз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.
Айлана
Бәрімізге анамыз
Біз үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мерекен
Құттықтаймын анашым!

Тәрбиеші:

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегінді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық «Мамочка биін»

Би: «Париж»

Тәрбиеші: — Балалар туған күнде, мерекелерде аналарымыз дастарханға қандай тәтті тағамдар салады.

— Дұрыс айтасындар, кәмпитті балалар да, үлкендер де жақсы көреді. Кәмпитсіз дастарханның сәні кірмейді. (әсем әуенмен залға «Кәмпит – Ханшайым» кіреді)

— Кәмпит — Ханшайым: (кіріп билейді)

Мен тәттімін,
Балалардың сүйікті дәмімін,
Мерекенің сәнімін,
Дастарханның әрімін.

— Сәлеметсіңдер ме, балалар, мені таныдыңдар ма? Мен, «Кәмпит — Ханшайыммын»

Балалар сендер өнерлеріңмен, білімдеріңді, үлгілі тәртіптеріңді көрсетіңдер. Ол үшін менің мына ыдыстағы үлкен кәмпиттер бар, онда әртүрлі тапсырмалар берілген. Сол тапсырмаларды ашып орындасак кайтеді. Тапсырмаларды түгелдей орындасандар мереке соңында әкелген сыйлығымды үлестіремін. (бір балаға ыдыстығы кәмпитті аштырады, тапсырманы барлық бала орындайды)

Тәрбиеші: — Расында да, бізге тәтті «Кәмпит — Ханшайым» қонаққа келіпті. Қараңдаршы, кәмпиттері көп екен, тәтті десе тәтті екен. Қане өнерімізді көрсетейік, тапсырмаларды орындайық.

1 — кәмпиттегі тапсырма:

Ойын: «Қағаз киім» (аналар ұлдарымен)

Ойын жарыс түрінде өтеді. Ұлдарымыздың аналары ортаға шығып сайысқа түседі.

2 — Кәмпиттегі тапсырма:

Би: «Балапандар»

Тәрбиеші: - Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелерімен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» — деп бекер айтылмаған. Келесі әніміз сіздерге арналады құрметті әжелер.

3 — кәмпиттегі тапсырма:

Ән: «Әжетайым» (ұлдардың орындауында)

Тәрбиеші: -«Кәмпит — Ханшайым», енді сіз біздің балаларымыздың аналарына дайындап келген тақпақтарын тыңдаңызшы.

Байболат

Көктем келді жадырап

Күн нұрымен таласып,

Жайнай берші жарқырап

Жаны жайсаң аналар!

Айзере

Апатайым анашым

Ақылы мол данасың

Қамқоршысы баланың

Гүлі сенсің әр үйдің.

Али

Анам менің анашым

Сені жақсы көремін

Мерекемен бүгінгі

Құттықтаймын мен сізді.

Мустафа

Құтты болсын анашым

Құтты болсын мерекен

Әр кез саған тілеймін

Ұзақ өмір жолдарын

4 — кәмпиттегі тапсырма:

Ойын: «Кәмпит тасу» (аналары мен балалары)

5 — кәмпиттегі тапсырма:

Би: «Бал биі»

Әдемі биден кейін балапандарымыздың тақпақтарын тыңдайық:

Ислам

Бізді өсірген анашым

Еңбегіңіз зор екен

Құтты болсын Анашым

Құтты болсын мерекең!

Бекнур

Жанымызды жайнатқан

Өзіңіз ғой аналар

Зор денсаулық, мол бақыт

Тілейміз біз балалар.

Ескендір

Қуанамыз сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін

Аналарды құттықтап

Жырдан шашу арнаймыз.

Сезім

Жүзімізге қараңыз

Бал күлкілі баламыз

Бізге қымбат күн шуак

Бізге қымбат аналар!

Айкөркем

Баланың да тірегі

Дананың да тілегі

Ауырмасын ешқашан

Анамыздың жүрегі.

С. Аружан

Ана біздің күніміз

Ананың біз гүліміз

Балаларды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз.

Кәмпит — Ханшайым: — Балалар, сендер бүгін менің тапсырмаларымды өте жақсы орындап шықтыңдар. Сендерге көп — көп рахмет айтамын. Өздерің өнерлі, әдемі, тәртіпті екенсіңдер, мен сендерге ризамын. Енді мына қолымдағы ыдысты тәрбиеші апайларыңа беремін. Сендерге әкелген көптеген әртүрлі кәмпиттерім бар. Соны сыйлыққа бергім келіп тұр. Мен енді сендермен қоштасайын, басқа да балабақшада мерекелер болып жатыр соған барайын. (Кәмпит — Ханшайым балалармен қоштасып шығып кетеді)

Тәрбиеші:

Мерекені қарсы алып,

Мәз болғанда барша жұрт,

Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім мен өзім — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды табыс етуге рұқсат етіңіздер. (Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Тәрбиеші:

Бөбегіңнің сыйлығын,

Қабыл алшы анашым

Ұзақ өмір жүз жасап

Ауырмашы анашым!

Бәріміздің де анамыз бар, әжеміз, әпкеміз бар, қарындастарымыз бар. Жылына бір рет келетін осы аналар мейрамында аналарымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасымды. Өйткені, бізді өмірге алып келген, бізге әлемнің жарығын сыйлаған — анамыз емес пе? Олай болса, әр баланың өзі дайындаған аналарына сыйлықтары бар екен, соны табыс етсін!

Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ана – аса
қымбат жан!» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар
мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар!
Балалар хормен: «Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»
Қол ұстасып, әуенмен топқа кіреді.

